

Талдау жүргізу. Парақтың жоғарғы жағына 2-2, 5 см қашықтықта жаққышпен жұқа қабатпен жаңа түссіз маникюр лак жағады.

Лак табаққа көлденең және бір жаққа жағылады, бұл жағдайда шаштар табақ талының арасында төселген болады, бұл құрғату түрі мен дәрежесін анықтауды жеңілдетеді.

Табақты пластинканың морфологиясын көшіретін пайда болған пленканы 2-3 минуттан кейін пинцетпен алып, микроскоппен су тамшысында қарайды.

Қорта келе экологиялық сорт сынау нәтижелері бойынша оңтүстік аймақпен салыстырғанда солтүстік аймақта Соя дақылы генотиптерінің өсу мерзімі 7 - 18 күнге ұзаратыны байқалды. Қостанай облысы жағдайында отандық селекцияның тез пісетін 422,180/2 Соя дақылы сортүлгілері перспективті болып табылады. Олардың вегетациялық кезеңінің ұзақтығы 95-99 күн. Өнімділігі жоғары 21,1 - 24,0 ц/га деңгейінде. Тұқымының құрамындағы ақуыздың мөлшері жоғары, яғни 38,1-34% тең болды, сондықтан мал шаруашылығы үшін азық, құрама жем дайындауда пайдалы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Akmullayeva A.S., Askarbekova K.B., Talgarbaeva G.M., Abdildauly A., Serdalin A. Comparative morphology, anatomy and biology of germination of seedmaterial NIEMS TRITICUM //Polish journal of science №13. Март 15, 2019. - P.

2. Дидоренко С.В., Закиева А.А. Пыльцевой анализ в изучении проблем низкой завязываемости ультраскороспелых сортов сои //Матер. междунар. науч.-конф. «Изменение климата и его влияние на устойчивое и безопасное развитие сельского хозяйства». – Тбилиси, 2014. – С. 100-102.

3. Закиева А.А., Искаков А.Р., Дидоренко С.В., Азат С. Майбұршақтың өнімділік элементтерінің қалыптасуына және вегетациялық кезеңінің ұзақтығына өсу регуляторларының әсері //Ғылыми журнал «Ізденістер, нәтижелер». - №02 (070). - Алматы, 2016. – Б. 137-141.

УДК 378.096

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ СТАТИСТИКАСЫН ТАЛДАУ

Бабыр Д.О., Ғалымжан Б.М.

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық Университеті
Қостанай қ

Ғылыми жетекші: Ахметова Э.Б.

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық Университеті
Қостанай қ

Аннотация

Бұл мақалада Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық Университетінің студенттер санына және оның ішінде Жаратылыстану-математика факультетінің студенттеріне статистикалық талдау жүргізілді. Университеттің тарихы және факультет тарихы қарастырылды.

Түйін сөздер

Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық Университеті, Жаратылыстану-математика факультеті, мамандық, студент.

Аннотация

В данной статье приведен статистический анализ численности студентов Костанайского государственного педагогического университета имени У. Султангазина, в том числе студентов естественно-математического факультета. Рассматривается история университета и история факультета.

Ключевые слова

Костанайский государственный педагогический университет, Естественно-математический факультет, специальность, студент.

Annotation

This article provides a statistical analysis of the number of students of the Kostanay State Pedagogical University named after U. Sultangazin, including students of the Faculty of Natural Mathematics. The history of the university and the history of the faculty are considered.

Key words

Kostanay State Pedagogical University, Faculty of Natural Mathematics, specialty, student.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың дәстүрлі Жолдаулары бір-бірін жүйелі түрде толықтырып отыратын құнды құжат. Елбасы әлемнің төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басқанына қарай жоспарлы іс-әрекеттерді белгілеп берді. Жолдауда айтылған «Ақылды технологиялар», «Цифрлы дәуір», «Жасыл технология», «Үлкен деректер», «Цифрлы білім» «Адами капитал» мұның бәрі білім және ғылым жүйесі қызметінің нәтижесі. Жаңа іс-әрекеттер білімнің салтанат құруы негізінде жүзеге асады. Мемлекет басшысы: «Көл-көсір мұнайдың» дәуірі аяқталып келеді» деп ескертіп, алдағы уақытта өзіндік жаңа инновациялық жобаларымен білім экономиканың бөлек саласы болатынын меңзеп отыр. Осыған орай алдымызда жоғары білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейін қамтамасыз ету міндеті тұр.

Елбасы Жолдауда: «Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады. Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет» дейді. Өте орынды. Себебі қандай мамандарды даярласақ та, кімге білім берсек те оны оқытатын мұғалім. Сондықтан бірінші кезекте мұғалім кадрлар даярлаудың сапасын арттыру қажет. Республика бойынша педагог мамандар даярлайтын шамамен 73 жоғары оқу орны бар. Іріктелген педагогикалық жоғары оқу орындары адам капиталының шоғырлануы, ғылымы, техникалық жабдықталуы, қаржылық қоры, академиялық еркіндігімен ерекшеленіп, элиталы педагогикалық жоғары оқу орындарына айналады.


Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық университеті Қазақстандағы педагог мамандарын дайындайтын Жоғарғы оқу орындарының бірі. Бұл университет 1939 жылдың 21 тамызында "Қостанай мұғалімдер институтын және оның бөлімшелерін ұйымдастыру туралы" қаулы негізінде құрылды. Дәулет Ибраев 1939 жылдың 28 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін Қостанай мұғалімдер институтының директоры қызметін атқарды. Сол жылдың 5 қыркүйегінен 20 қазанына дейін Институтқа Төреғали Жұмағазин басшылық жасады. 1941 жылы 27 шілдеде Қостанай мұғалімдер институтының алғашқы түлектері мемлекеттік емтихандарын тапсырып, дипломдарын алды. 1944 жылы институтқа Амангелді Иманов есімі берілді. Ал 1955 жылғы 5 шілдеде мұғалімдер институтының базасында А. Иманов атындағы Қостанай педагогикалық институтын (ҚМПИ) ұйымдастыру туралы шешім қабылдады. 1990-

1991 оқу жылында ҚМПИ 34 кафедрада ғылыми дәрежесі бар 93 оқытушы, оның ішінде 3 профессор және ғылым докторы жұмыс істеді.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 6 тамыздағы № 662 қаулысымен ол Қостанай Университеті болып қайта құрылды. Педагогикалық институт университеттің құрамында 12 жыл болды. 2004 жылы үкімет елде бес педагогикалық жоғары оқу орнын, оның ішінде Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтын құру туралы шешім қабылдайды. 2004 жылдың 1 сәуірінен бастап ҚМПИ қайтадан дербес ЖОО болды. 2018 жылдың 14 наурызында ҚР Үкіметінің Қаулысымен Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты педагогикалық университет болып қайта құрылды. Ал 2018 жылғы 16 қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметінің №754 қаулысымен жоғарғы оқу орнына академик Өмірзақ Сұлтанғазиннің есімі берілді. Қазіргі уақытта университетте 2900 студент білім алады.

Сурет 1

2015-2019 жылдар аралығындағы жалпы студенттер саны



Соңғы жылдары университетте білім алушылар саны да азаюда. Оның бірден-бір себебі, балалардың педагог болуға деген қызығушылығының төмендеуі. 2015-2018 жылдар аралығында 441 студентке көбейсе, ал 2018-2019 жылдар аралығында студенттер саны 456 адамға күрт төмендегенін байқауға болады.

Қазіргі уақытта университетте 5 факультет жұмыс істейді. Олар:

- Жаратылыстану-математика факультеті;
- Филология департаменті;
- Психологиялық-педагогикалық факультеті;
- Әлеуметтік-гуманитарлық факультеті;
- Дене шынықтыру, спорт және туризм факультеті.


Жаратылыстану-математика факультеті университет ішінде алғаш құрылған факультет болып табылады. 21 тамыз 1939 жылы Қазақ ССР Кеңестік халық комитеті мен республика ағартушылық Наркоматы келісімі бойынша, Еңбекші депутаттары кеңесінің Қостанай облысының атқарушы комитетінің Президиумы «Қостанай мұғалімдер институты және оның бөлімдерін ұйымдастыру» туралы қаулысын қабылдады. Онда: «Қостанай педучилищесі базасында 1 қыркүйектен бастап Қостанай екі жылдық мұғалімдер институты екі факультет құрамында - физикалық-математикалық және жаратылыстану-географиялық ұйымдастырылсын» деп жазылды. 5 шілде 1955 жылы мұғалімдер институты базасында Қостанай педагогикалық институтын ұйымдастыруға шешім қабылданды. 1961 жылдан биология-химия факультеті болды. 2004 жылы «География» мамандығының ашылуына байланысты факультет жаратылыстану ғылымдары факультеті болып атын өзгертті. 2009 жылы

«институттың оқу бөлімдерін оптимизациялау бойынша комиссия шешімі» негізінде жаратылыстану ғылымдары факультеті физика-математика факультетімен бірікті және жаратылыстану-математика факультеті болып аталды.

Қазіргі уақытта факультетте 638 студент білім алады, бұл жалпы университетте оқитын студенттердің 22%-ын құрайды.

Сурет 2


Университет факультеттері бойынша
2019 жылдың желтоқсанында оқыған студенттер



Оқу орнында студенттер саны бойынша алғашқы орында Психологиялық-педагогикалық факультет болса, ең аз студент Әлеуметтік-гуманитарлық факультетінде білім алады. Дәлірек айтқанда, Психологиялық-педагогикалық факультетте білім алушылар саны 929 студент, ал Әлеуметтік-гуманитарлық факультетінде 294 студентті құрайды.

Сурет 3

2015-2019 жылдар аралығындағы Жаратылыстану-математика факультетінің студенттер саны




Жаратылыстану-математика факультеті студенттерінің соңғы 5 жылдағы статистикасына тоқталсақ, 2015 жылдан 2017 жылға дейін 50 студентке көбейсе, 2017 жылдан 2019 жылға дейін 189 студентке азайған.

Жаратылыстану-математика факультетіндегі 1-4 курс аралығындағы студенттердің жалпы санына тоқталайық. 2019 жылғы есептеулер бойынша 1 курста 146 студент, 2 курста 185 студент, 3 курс 141 студент, ал 4 курста 165 студентті құрайды.

Жаратылыстану-математика факультетінде студенттер география, биология, химия, математика, физика, информатика, кәсіптік оқыту мамандықтары бойынша білім алады.

Сурет 4

Жаратылыстану-математика факультетіндегі мамандықтар бойынша 2019 жылғы студенттер



Факультетте негізінде ең көп студент биология мамандығында оқиды, яғни 137 студент 22% құрайды. Ал математика мамандығында оқитын студенттер саны тек 1 студентке ғана айырмашылық жасайды, онда 136 студент білі алады. Химия мамандығында 117 студент, география мамандығында 78 студент, физика мамандығында 67 студент, информатика мамандығы бойынша 64 студент болса, факультеттегі ең аз студент саны кәсіптік оқыту мамандығында 39 студентті құрайды.

Жаратылыстану-математика факультеті студенттерге тек білім беріп қана қоймай, студенттерді жеке тұлға ретінде қалыптастыруда жан-жақты, бірнеше бағытта, әр түрлі деңгейдегі іс-шаралар ұйымдастырады. Жастардың денсаулығы мен физикалық деңгейі оқытушылардың және студенттердің университет ұйымдастыруымен өткізілетін спорттық іс-шараларға қатысуы арқылы жүзеге асады. Әр жыл сайын біздің студенттер университет қабырғасындағы және қалалық деңгейдегі «Білім күні», «Студент атану», «Наурыз-думан» сияқты әр түрлі мәдени іс-шаралар мен қайырымдылық акцияларына қатысады. Осындай мәдени іс-шаралар жеке тұлға деңгейінің дамуына, патриоттық және азаматтық тәрбиеге, университеттің тарихи-мәдени дәстүрінің сақталуына ықпалын тигізе отырып, одан әрі дамуына бірден бір себепкер болары анық.

Әдебиеттер тізімі:

Марат Мәлтекбасов, *п.ғ.д., профессор, Алматы облыстық мәслихатының депутаты*. Жоғары оқу орындарына серпіліс әкелді // Егемен Қазақстан газеті, 19 ақпан 2018 ж.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты. – Костанайский государственный педагогический институт: Краткий очерк истории / Сост.: А. Кузембайұл, А. Исмаилова. – Костанай: «Лингвострановедческий инновационный центр «КИЕ», 2009 – 136 с.

<https://www.kspi.kz/kz/about/institute/history>

УДК 512.55

ГЕОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ТЕМПЕРАТУРНОГО РЕЖИМА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Базилевская А.М., Маканова К.О, студентки 2 курса, специальности
«География».

Научный руководитель: Омарова К.И., магистр географии, старший преподаватель,
Баубекова Г.К., магистр педагогического образования.
Костанайский государственный педагогический университет им.
У.Султангазина, г.Костанай

Аннотация

В представленной работе дан географический анализ температурного режима Костанайской области за период с 1970 по 2019 годы. Для более детального анализа температурного режима были рассмотрены динамика изменения среднемесячных температур января и июля населенных пунктов г.Тобыл, г.Аркалык, Торгай в период с 2014 по 2019 годы.

Ключевые слова

Температура воздуха, среднемесячная температура, климатические изменения.

Annotation

The article presents a geographical analysis of the temperature regime of Kostanay region for the period from 1970 to 2019. For a more detailed analysis of the temperature regime, the dynamics of changes in the average monthly temperatures of January and July in the localities of Tobyl, Arkalyk, and Torgay in the period from 2014 to 2019 were considered.

Key words

Air temperature, average monthly temperature, climate changes.

Аннотация

Осы жұмыста Қостанай облысының 1970 - 2019 жылдар аралығындағы температура режиміне географиялық талдау берілген. Температуралық режимді терен талдау үшін 2014 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі аралықта Тобыл, Аркалық және Торғай мекендерінде қаңтар-шілде айларындағы орташа айлық температураның өзгеру динамикасы қарастырылды.

Түйін сөздер

Ауа температурасы, орташа айлық температура, климаттық өзгерістер.

Тема нашего исследования связана с проблемой изменения климата. По мнению некоторых ученых, в недалеком будущем нас ждет потепление, другие ученые говорят о предстоящем в скором времени похолодании. Мы и сами наблюдаем изменения вокруг. Изучение причин изменения климата позволяет глубже вникнуть в суть региональных и глобальных проблем современности, проследить грядущие последствия, вызванные этими изменениями.